



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

Сенде сүй ол Алланы жаннан тәтті,
Адамзаттың бәрін сүй «бауырым» деп,
Және хақ жолы осы деп әділетті» [1,31].

деген Абай атамyzдың сөзі бар. Бұл жолдарды жалпыадамзаттық гуманизмнің формуласы десек те болады.

Адам мына қарапайым нақылды ұмытпау керек секілді: өзінің қысқа ғана ғұмырында кез келген адам белгілі бір миссияны орындау үшін келеді. Яғни, жақсылық пен жамандықтың күресінде, жақсылыққа қолдау көрсету. Дәстүрлі қазақи дүниетанымымызда «дәулет – байлықтан, игілік – биліктен, ізгілік – Алла тағаладан» деген түсінік бар [6]. Бүгінгі таңда бұл сөзге барынша назар салып, қайта ойланған орынды деген ойдамыз. Жаратушыға деген құлшылық ең әуелі осы өмірде істеген ізгі істер мен танытқан мейірімділікпен өлшенбес пе еді?

Бұл тақырып бүгінгі таңда көпшілікпен де, сарапшылық ортамен де жан-жақты талданып отырғаны белгілі. Өз деңгейімізде бұл мәселе аясында сөз айтудың мақсаты, әлбетте, жаңалық ашуда емес, ертеден-ақ келе жатқан қарапайым ғана шындыққа қайта ой салу, оны замануи қоғам форматында зерделеу болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Дінтану негіздері Н.Ж.Бәйтенова, Қ.А.Затов, А.Т.Құлсариева, А.Д.Құрманалиева // Алматы, «Қазақ университеті», 2006 ж.,
2. Тышхан Кеңшілік. Мораль және дін (оқу құралы). - Астана: Мастер По ЖШС, 2012. - 5 бет
3. <http://e-islam.kz/interview/item/4370-ashirbek-momynov-tarikh-lylymdaryny-doktory-abylaj-khanny-t-synda-kantselyariya-bol-an>
4. <http://anatili.kazgazeta.kz/?p=6785>
5. <http://old.abai.kz/node/11147>
6. https://baq.kz/kk/news/mangilik_el/garifolla-esim-kazak-elin-mangilik-etetin-zhaksi-kazak-42466

ӘОЖ 101.9

АРИСТОТЕЛЬ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫНДАҒЫ «КЕМЕЛ МІНЕЗ», «ӘДІЛДІК ЖӘНЕ АДАЛДЫҚ» - МОРАЛЬДЫҚ ІЗГІЛІК РЕТІНДЕ

Уралбаева Шолпанай Қуанышбаевна

shopik_8484@bk.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті,
философия магистрі, оқытушы

Мақалада Аристотельдің этика жайындағы түсінігін ашып көрсетуге, сонымен қатар әділеттілік және адалдық туралы сұрақтар қарастырылады. Аристотельдің этикалық түсінігін қолдана отырып, тұлғалардың сан қилы болуына қарамастан, барлығына бірдей моральдық түсінікті қалыптастыруға әрекет жасау.

Түйін сөздер: *адамгершілік, адалдық, әділеттілік, өмір, даналық, сана, субстанция, еркіндік, әділеттілік, ұлт, мемлекет*

Заман ағымымен өзгертін де, өзгермейтін де дүниелер бар. Біз қолданатын құрал-жабдықтар, сән үлгісі, тіпті қоғам да өзгеріп отырады. Өзгермейтін бір нәрсе – бұл әлемнің ең үздік ойшылдарының өмір, білім, уақыт және өзге де құндылықтар жөніндегі айтқан сөздерінің өзектілігі. Аристотель секілді классиктердің ойлары әрқашан актуалды. Әсіресе қазіргі біздің өмір сүріп отырған қилы кезеңдерде, адамның физикалық тұрмақ рухани дүниесі күйзеліске ұшыраған уақытта, жеке адамның ғана емес бүкіл адамзаттың көкейкесті өмірдің мәні мен оның мақсаттары жайлы сұрақтары туындап тұрғанда Аристотель тұжырымдамаларының маңыздылығы арта түсуі ғажап емес.

Аристотельдің философиясы, бір жағынан, барлық көне грек философиясының қорытындысы іспетті. Ал, екінші жағынан, Аристотель көзқарасы орта ғасыр мен жаңа дәуірдің ғылыми ілімдерінің қайнар бастауы болды. Яғни бұл ұлы ойшыл көне грек данышпандары көтерген мәселелерге жан-жақты талдау жасап, өз заманындағы көкейкесті мәселелерді шешіп беруге ұмтылды. Ол, сондай-ақ, өзінің өмір сүріп отырған заманы әлі де күн тәртібіне қоймаған мәселелерді шешемін деп болашаққа ой жүгіртті.

Қазіргі таңда біздің әлемде ең негізгі сұрақтардың бірі болып, адамның ішкі жан дүниесі, ізгілік проблемасы және рухани құндылықтардың азғындалуы болып табылады. Аристотель ең алдымен ізгіліктің көзі жан туралы айту керек дейді. Ол адамды екі түрге: ақыл иесіне және ақылдан ада жаққа деген. [1,438б]Ақыл иесіне, көрегенділік, даналық, үйрету қабілеті, ес, әділдік, қанағат, ерлік және одан да басқа жақсы қасиеттерді ол адамға жүктейді. Мораль иесіне осыған қарама қайшы келетін кез келген іс оған сай емес деп есептейді. Яғни сараңдық, ысырапшылдық, қанағатсыздық жатады дейді. Ал жан осының қайсысына бағынса соған ол өмірлік бейімделеді дейді.

Аристотельдің пайымдауынша «Адамның мақтау немесе сөгіс алатын халдері үш түрлі болады. 1) отыру, тұру, жату, көру мен есту секілді дене мүшелерін қолдану арқылы пайда болатын әрекеттер.

2) Жыныстық құмарлық, ляззат, жақсы сезім, өкпе, қорқыныш, қалау, уайым, талпыныс тағы сол сияқты пайда болатын халдер. 3) Жақсы мен жаманды санамен айыра білу. Бұлардың әрқайсысына байланысты адам мақтау немесе сөгіс алады. Адам жаман әрекетке барса сөгіс, жақсы әрекет жасаса мақтау алады. Нәпсілік қалаулары орынды болса мақтау, орынсыз болса, сөгіс естиді. Сол сияқты жақсы мен жаманды айыра білсе, мақтау естіп, жаман болса, сөгіс алады. Аристотельдің даналығы — ол ешкім байыбына барып шеше алмаған философиялық мәселені шешіп отыр. Адам көзі екі функцияны атқарады, бірі — көру. Ол жан-жануарларға да тән қасиет. Екіншісі — адам көзі қоғамдық, материалдық, тағы басқа қатынастардың мәнін ашады. Диалектикалық тұрғыдан қарағанда көздің екі жақты қызметі бар. Бірі — ол көздің негізгі қасиеті көру екені айтылады. Бұл дүниені, байлықты, жақсылық пен жамандықты, адалдық пен арамдықты көру, сол арқылы санаға заттың түрін, түсін тағы басқа да қасиеттерін түсінуге жол ашу.

Екінші жағынан, көздің өзінің негізгі қызметі түп тамырымен өзгеріп, тек құмартудың, нәпсінің дамуына жол ашып, дүниеге тоймайтын, ешбір тойымсыз кезге айналу.

Ендеше көз бен ақылдың, көз бен парасаттылықтың арасында диалектикалық байланыс бар. Енді ісімізді жақсартудың, нәпсілік қалауларымыздың тисті деңгейде ұстаудың қандай жолы бар? Қандай жолмен жақсы мен жаманды айыра аламыз? Міне осыны баяндауымыз керек.

Ең бірінші мынаны білуіміз керек, адам кейде кездейсоқ жақсы әрекеттер жасайды. Кейде бұл істі өз еркімен емес, бәлкі мәжбүр болғанда істейді. Осылайша істелінген жақсы істермен бақытқа жетуге болмайды. Бәлкі игі істі өз еркімен, жан қалауымен істеуі керек шығар. Сол сияқты бұл істерді тек қана кейбір сәттерде және кейбір жағдайларда ғана өз еркімен істеумен де бақытқа жете алмайды. Бәлкі барлық істерінде және өмір бойы жақсы істерді қалау арқылы жетуге болады» -деп ой түйген [2,163].

Сондай ақ, адамда кейде шартты түрде жақсы мен жаманды ажырату қабілеті болады. Кейде арнайы және еңбектену арқылы дұрыс сенім қалыптастыруға болады. Айырған нәрсені және қалайша айыра білгенін жетік түсініп, мәніне жетпейінше, бақытқа ие бола алмайды. Адам кей кездері кішкене нәрсе туралы аз да болса белгілі бір уақыт ішінде айыру қабілеті болады. Бірақ мұндай ажырату қабілетімен адам бақытқа жете алмайтынын айтады.

Адам нені және қалай ажырататындығының мәніне жетіп, өмір бойы жақсы мен жаманды айыра болса, міне, сонда ғана бақытқа жетеді деп ой түйген.

«Әдеттер мен бірден бір әрекетті ұзақ уақыт бойы не қысқа аралықтарды қайталауды түсінемін. Осындағының бастысы, оның септігі арқылы ол жақсы істер жасайтын, әрбір

адамға табиғаттың күш беруі, бірақ осы күштер арқылы дұрыс емес істер де жасай алады. Жақсысы болсын, жаманы болсын, мінездер қабылданғандар болып табылады және адам, егер онда әлі белгілі бір анық айқындалған мінезі болмаса, онда оған ие бола алады. Ал соған қоса ол өздігінен қалыптасып қойған мінезбен кездейсоқ кездесіп қалса, онда өзі иелене алатынына қарама –қарсы мінезді, өз еркімен ала алтынына ұйғаруға болады. Ол оны, егер өзінде белгілі мінез қалыптаспаса да, қабылдай алады немесе сондай ақ, керісінше, ол үшін әдеттегідей болғанға дейін, кенеттен онымен қарсы кездесіп дамыған мінезден ол бас тартады. Ал әдет деп мен бірден бір әрекетті ұзақ уақыт бойы және қысқа аралықта тұрақты және дүркін дүркін қайталануды түсінемін» - деген байламға келген[2,165].

Бір қызығы жақсы мінез әдеттің әсерімен қалыптасады, жаман мінез де тап солай. Осы жерде айтуымыз керек, егер біз жақсы әдеттерге ие болсақ, онда олардан тәуелділік күшінен, ізгілікті қылыққа жете аламыз, бірақ егер жаман әдеттеріміз бар болса, онда олардың әсерінен және жаман мінезге иеміз. Бұл белгілер жақсы және жаман мінез иелерімен қарым қатынас нәтижелерінде ерекше анық байқалады.

«Құдайлық қасиеттердің арасында адам ақыл-ойының табиғат мүмкіндіктерінен әлде қайда жоғары тұратындары бар. Шындығында да, ақылдың белгілі бір зат туралы жинаған білімдерінің бастауы осы заттың субстанциясына жеткендігі болады. Философтардың оқуына байланысты, дәлелдеудің бастауы – ол зат. Яғни бұл заттың субстанциясы қалай түсінілсе, ол зат туралы барлық нәрселер де солай танылуы қажет. Міне, сондықтан, адамның ақылы бір заттың субстанциясына жетсе, онда бұл заттың бірден бір ақылға сиымды қасиеттері адам мүмкіндігінен аспайды. Бірақ Құдайды тануда барлығы басқаша болады. Өйткені адам ақылының табиғи қасиеттері оған оның субстанциясын қамтуға жол бермейді: біздің ақылымыз біздің бүгінгі өмір салтымызға байлынысты тануды сезімдерден бастайды. Сондықтан сезімдермен қабылданбайтын нәрсеге адамның ақылы жетпейді немесе оның танымы сезімді елестерден құралған деңгейде ғана жеткілікті болады, алайда сезімді елестер біздің ақылымызға Құдайлық субстанцияның қандай екенін көрсете алмайды. Өйткені олар себеп күштері тең емес әрекеттер. Осы сезімді елестерден шығып, біздің ақылымыз Құдайды тануда Құдай дегенді мойындауға келеді. Сонымен ақылға сиятын Құдайлық қасиеттердің арасында адамның ақылы жететіндері де, сондай ақ оның мүмкіншіліктерінің шегінен тұтастай шығып кететіндері де бар»[3,560 б.]. Аристотельдің айтуынша, шындық болатын болмыс формасы әуел басында өзінің бойына мүмкіндікті сақтайды екен. Өзінің ойын Аристотель былай деп түсіндіреді. Адам әуелгі кезде сауатсыз еді, енді сауатты болды. Оның сауатты болғаны, бұрынғы сауатсыздығынан емес, керісінше, адамның сауатты болғаны, оның бойында сауаттылыққа деген мүмкіндіктің (қабілеттің) бар болғандығынан деген байламға келген.

Мұны ақылдың әр түрлі деңгейлеріне байланысты көруге болады. Егер екі адамның біреуі бір затты тар мағынада түсінсе, ақылы жоғары дамыған екіншісі оған қарағанда әлдеқайда кең түсінеді. Мысалы, оқымаған адам философияның қыр-сырын түсіне алмайды. Періштенің ақылы адамнан, ал, ұлы философтың ақылы наданның ақылынан әлдеқайда жоғары тұрады, кейінгі екеуінің айырмашылықтар адамдық түрмен шектелсе, ал періштелік ақыл ол шектен шығып кетеді, деп ой түйеді.

Аристотель адам баласын табиғат әлемінен бөліп қарастырады. Өйткені адамда жан, ақыл бар. Оған қоса адам өз ісіне жауапты және ерікті түрде таңдау құқығына ие. Ол кез келген ісін ақылымен санаса, жүрегіне үңіле, рухани құндылықтарға жүгіне отырып жасай алады. Адамның іс-әрекеті Аристотельдің ойынша сыртқы себептерге байланысты айқындалмауы керек, керісінше ішкі тура мақсаттарға байланысты орындалуы қажет деп таныған.

Аристотель адамның өмірі еш күмәнсіз мақсатқа сай іс әрекеттер жиынтығы деп санайды, яғни адам әрқашанда бір мақсатқа ұмтылады, сол себептен адам үшін ең бастысы оның өзінің іс – әрекеті, ішкі жан дүниесінің, ойының мақсаттары. Сондықтан осы ой толғамдарға қарап философтың ойынша, адам жанының ниетін, мақсатын, іс әрекеттерін зерттеу маңызды іс екенін айтады.

Енді әділдіктің мән жайы жөнінді бірер сөз. Алдымен әділтіктің не екені жайында сөз етер болсақ әділдіктің екі түрі бар. Біреуі заңға сәйкес келу: заңға сәйкес келетін нәрсені әділетті дейді. Заң адамды батыл және есті болуға және ізгіліктерге сай әрекет жасауға шақырады. Сондықтан да жұртшылық әділдікті ізгіліктің жетілген түрі деп есептейді. Әділдіктің бір түрі осыған саяды. Ал біздің анықтап отырған әділдігіміз басқа дүние. Адамның өзіне өзі адал болуы жөнінде: есті, ұстамды, ер, адам сияқты ұғымдармен байланысқан. Заңға сәйкес келетін әділдіктен басқа әділдік – бұл басқа адамға әділдікпен қарау. Басқаға байланысты әділ болу – теңдіктің белгісі. Шынында да, әділетсіздік – теңсіздік. Егер адамдар өз қамын ғана ойлап, өзіне ғана болсын деген ниетте болса – бұл теңсіздікке алып келеді, сөз жоқ, бұл жағдайда әділетсіздік орын алады. Сонымен, егер әділетсіздік теңсіздікті аңғартса, онда әділдік пен әділеттілік міндеттердің теңдігін білдіреді. Сондықтан әділдік – жетіспеушілік пен артықшылықтың, аз бен көптің арасы: әділетсіз өзінің әділетсіздігінің арқасында көпке ие болады, ал әділетсіздікке душар болған адам, керісінше азды қанағат тұтады. Олардың ортасы – әділдік, ал тең орта болғанын ол – теңдікті білдіреді. Олай болса, көппен аздың арасындағы теңдік – әділетті, ал әділ адам теңдікке ұмтылатын адам. Басқа адамға тең болу әділетті және ондай әділетті әділ деп есептеу дұрыс...

Әділдік және әділеттілік біреуге және бір нәрсеге байланысты болады.

Әділеттіліктің әртүрлі мағынасы болғандықтан біз қандай әділеттілікті қарастырып отырғанымызды анықтап алу керек. Қызметші мен қожайынның немесе әке мен баланың қарым-қатынасында да әділеттілікке орын бар. Бұл жердегі әділеттілікті мемлекет азаматтарының алдындағы әділеттілікпен салыстыруға болады. Біз сөз етіп отырған әділеттілік теңдікке негізделген азаматтылық әділеттілік азаматтардың мүддесі бір және олар теңдікке ұмтылады, олардың айырмашылығы заңға байланысты.

Мүмкін, әділетсіздік және әділетсіздікпен істелген іс барабар болып көрінуі мүмкін, бірақ шындығында бұлай емес. Әділетсіздік заңмен анықталады; Әділетсіздікпен жасалған іс – бұл теріс әрекет. Сол сияқты әділеттілік те әділетті жасалған іспен барабар емес: әділеттілікте заңмен анықталады, ал әділетті істелген нәрсе оң болып табылады.

Әділеттілік қандай жағдайда болады қандай жағдайда болмайды? Жалпы айтқанда, адам өз еркімен кімге, қандай жолмен және не үшін әрекет жасайтынын біліп істесе, мұндай жағдайда әділетсіздік жүзеге асады. Сол сияқты әділетсіз деп біз кімге, қандай жолмен және не үшін қиянат жасайтынын біліп әрекет жасаған адамды айтамыз. Егерде кімде кім үшін және не үшін екенін айырмай қиянат жасаса, оны әділеттілікті бұзған адам емес, бақытсыз адам дейміз.

Әділеттілік туралы ойлар философия тарихының барлық кезеңін қамтиды. Әділеттілік проблемасын шешу үшін адам болмысын толыққанды тану керек.

Алғашқы қауымдық құрылыста адам өзінің руының өкілі болып тұрған кезде, ол басқа осы рудағы адамдардан тек өзінің табиғи болмысы ғана арқылы өзгешеленді, ал әлеуметтік айырмашылық атымен жоқ еді. Сондықтанда әділетті шешім қабылдау деген сөз, руыңның талаптарына сай келумен тұспа тұс еді. Уақыт өте бере қоғамда өзгеріске ұшырады яғни жеке меншіктің пайда болуы қоғамды бірталай жаңа қырынан таныта бастады. Адамдар арасында әлеуметтік теңсіздіктер пайда бола бастады. Бұл қоғамда енді табиғилықтың орны екінші орынға көшіп, оның орнына бай, кедей, басшы және бағынушы, иесі және құл деген түсініктер алға шыға бастады. Аристотель бұл жайында мынандай пікірде яғни әр адам әділеттілікті өзінше түсінеді дейді. Мысалы әділеттілік құл иеленуші үшін бір нәрсе ал құл үшін өзге дүние. Бірақ бұл жерде біз Аристотель үшін құл дәрежесін анықтап алуымыз керек, өйткені ол үшін құл ол адамға жатпайды ол жануармен теңбе тең деген түсінікте болған. Ал адам деп ол тек еркін мемлекет тұрғынын таниды. Бұл жерде Аристотельгеде бас салып оның қатесін айта шығудың да пайдасы жоқ, өйткені оның өмір сүрген заманы сондай жүйеде қалыптасқан. Бұл мәселеде Аристотельдің өзінің айтып кеткен категорияларына үңілетін болсақ, уақыт жән кеңістік мәселесінен мұны жақсы ашып қарастырған. Аристотель адамды саяси жануар деп анықтайды емес пе. Бұл ненің айғағы, яғни жоғарыда айтылғандай

адам қашан адам болмақ тек мемлекеттің еркін тұрғыны болғанда ғана. Бұдан шығатыны Аристотельдің ойынша әділеттіліктің белгісін тек мемлекет қана шеше алады. Әділетті іс әрекет ету деген сөз, мемлекеттің қызығушылығына сай қызмет ету. Уақыт өте келе, христиан дінінің келуімен байланыста көп түсініктер өзгере бастады. Енді адам, құл немесе құл иеленуші деп бөліну жат бола бастады. Діни түсінікте бұл дұрыс емес қзқарас деп танылды. Яғни адам адамнан еш жері кем немесе артық болмайды. Олардың барлығы тең. Өйткені адамзат баласы ол Алланың жаратылысы. Орта ғасыр түсінігі бойынша әділеттілік деп діни қағидалар не деп әділеттілікті таныса сол ғана әділеттілік болады. Оған қарсы шығу Құдайға қарсы шығумен пара пар еді.

Ислам мәдениетінде адам Құдайдың жаратылысы, әділеттіліктің не екенін тек Құдайдың рұхсат еткен заңдарымен жүру ғана деп танылды. Ол құранда жазылған заңдылықтарға меңзеп тұрған шарттар болатын. Ал жаңа заманда түсініктер толығымен өзгеріске ұшырады десекте болады, өйткені ағартушылық идеалында: Руссо, Локк, Монтескье және басқалардың түсінігінде адам ол еркін жаратылыс, ол туылысынан еркін, ешкімде адамнан оның еркіндігін ала алмайды, оның еркіндігіне ешкімде тосқауыл бола алмайды, мемлекет, дін болсын. Сайып келгенде адамның еркіндігіне тек басқа бір адам ғана кедергі болуы мүмкін.

«Ал Кант бойынша, әділетті іс әрекет дегеніміз ол категориялық императивке яғни өзінің арына сүйене жасаған іс. Әр бір адам белгілі бір істі жасағанда ол алдын ала ойлау керек, Өзіме өзге адам осындай қылық жасағанын мен қалар ма едім? - деген сұрақты қоя білу керек.

Ал хакім Абайдың ойынша әділеттілік деген ұғым тек жеке бір адамға ғана бағытталмауы керек, ол бүкіл адамзаттың алдындағы парызға айналу керек деп түсіндіреді. Абай сол үшін айтады әкеңнің баласы болма, адамзаттың баласы бол деген. Еркіндік түсінігін тек «мен» тұрғысынан қарау немесе өзіңнің мемлекетіңнің дәрежесінде түсіну ол кейінгі көптеген қайшылықтардың төресі екенін түсінесің. Қарап отырсаңыздар көптеген шиеленіс, ұлтаралық қақтығыстар, мемлекетаралық келіспеушіліктер қашан пайда болады, егер бір мемлекеттің мүддесі екіншісінен жоғары, маңыздырақ болғанынан. Егер белгілі бір мемлекеттің басшылары өз елінің күшіне сүйеніп, әлемдік келісімшарттардан аттап, өзінің қызығушылығының орындалуын жабайы түрде талап етуінен пайда болатынын, қазіргі әлемдік қарым қатынастарды бақылап отырған адамнан жасыра алмайтын факт екенін айтуға болады» [4,230б].

Әділдікке қатыстыға келсек, ол адамдық күштердің екеуімен де ара қатынаста болады және ізгіліктерге қарама қарсы кеселді қылықтарға жоламайды. Әділеттілікке, олардың ізгіліктері мен бөліктері, оның түрлері мен құрамдас бөліктері сияқты, жетілгендік күштерінің жиынтығы жатады: бұлар – мырзалық, сабырлылық, төзімділік, бекзаттылық, пәктілік, мейірімділік, кешірімділік, қамқоршылдық, қалтқысыздық, тұйықтық, даналық, айқындық, көрегендік, естілік, шешімділік, шыншылдық, достыққа адалдық, махаббат, аяушылық, ұяттылық, кең пейілділік, сөзге беріктілік, кішіпейілділік.

«Егер әділеттіліктің отанын реактивті сезім алқабында іздеу керек болса, онда дұрыстылықты жақсы көргендіктен, оны тұрпайы кері айналдыра отырып, оған мына қағиданы қарама-қарсы қоюға тура келеді. Әділеттілік рухы оны жаулап алған, соңғы сала – бұл реактивті сезім саласы. Егер әділетті адамның тіпті оған зиян келтіргенде қатысты да әділетті болып қалатындығы кездессе де бөтен емес. Әділетті болу қашанда жағымды қатынас. Көздері қанға толықсып, ал әділеттілік жанарымыздан жоғалуы үшін, тіпті ең әділетті деген тұлғаларға қайшылықтың, ашудың, өсек жаланның аз мөлшері жеткілікті екендігі жалпы алғанда күмәнсіз»[5,196б]. Бұл жерде үлкен бір философиялық мән жатыр. Біз осы ойды терең талдай отырып, мына пікірге ойысамыз. Ойшыл Абай айтқандай философияның басты максаты адамды тану, оны кемелдендіріп жетілдіру, адамның ішкі нәзік болмысын тазарту, жетілудің негізі – жүректі жетілдіру деп танытқан болатын. Мұндай этикаға байланысты сұрақтар қаншама философтардың толғануына себеп болған еді,

әлі күнге дейін бұл сұрақтарға деген қызығушылық артылар емес. Өйткені адамның білімі өзгеруде, өмір өзгеруде, ол тұрмақ адамның өзі өзгеріссіз болмайды. Этиканың келесі категориялары: бақыт, ізгілік, шама, ар, ұждан, әділеттілік, достық деген түсініктер, белгілі бір уақытта, кеңістікте өмір сүретін, өзгеше ойлау, әлемді қабылдау дәрежесімен ерекшеленетін тарихи ортада, өз заманының ойлау және сезіну үрдісімен ерекшеленетін адамның алдынан арқашан сұрақ ретінде туындап отырады.

Мақалада Аристотельдің этика нормативті пән ретіндегі идеясы ашылып отыр. Аристотель өзінің этикалық тұжырымдамасында, мораль және адамдық іс әрекетті мистикалық тұрғыдан талдау сабақтастығын толығымен жойды. Ұлы ойшыл айтады, адамның мінез құлқы табиғи алғышарттармен және тұрмыс тіршілік аясында құрылады дейді. Бұл сөзіне көңіл аударатын болсақ, Аристотельдің ойынша этиканың философиядан айырмашылығы оның практикалық, нормативті ғылым екендігінде. Этиканың мақсаты тану емес іс әрекет, этика адамға қалай ізгі болуды үйретеді. Ұлы ойшыл этиканың мұндай ерекше рөлін, адамның іс әрекетін жалпы мақсатты іс әрекет ретінде танып қарастыруымен түсіндіреді. Аристотельдің ғылымдағы, әсіресе жаратылыстану салаларына, философияға, этика мен эстетикаға, тағы басқа да мәселелерде ашқан жаңалығы мен даналық үлесі ұшан теңіз.

Біздің еліміз — Қазақстан үшін, әсіресе қазіргі нарықтық экономикаға бет бұрған, сол салада айтарлықтай табыстарға қол жеткізіп отырған кезеңде, халқымызға гректің данышпан ойшылы — Аристотельдің еңбектері баға жетпес рухани байлықтың қайнар көзі болып есептеледі. Тек сол мәңгі суалмас рухани байлықтан нәр ала білу қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Аристотель. Большая этика Сочинения: В 4-х т. Т. 4 / Пер. с древнегреч.; Общ. ред. А. И. Доватура. - М.: Мысль, 1983.- 830 с. - (Филос. наследие. Т, 90). С.295-374. <http://filosof.historic.ru/books/item/f00/s00/z0000351/>
2. Апресян Р.Г. Золотое правило в этике Аристотеля.// Философия и этика. Сборник научных трудов к 70-летию академика РАН А.А.Гусейнова. М.: Альфа-М, 2009. 157–170 с.
3. Есім Ғарифолла, Байтенова Н. Әлемдік философиялық мұра. Жиырма томдық. 5-том. Ортағасырлық діни философия. – Алматы: Жазушы, 2005 – 560 б.
4. Абдильдин Ж., Абдильдина Р. Абай гениальный мыслитель и гуманист. – Астана: Фолиант, 2015. – 232 с.
5. Аристотель. Никомахова этика. Перевод: Нина Брагинская (satis@GlasNet.Ru) Москва, 1997. – 196 с.

УДК 001.891

К ВОПРОСУ ФОРМИРОВАНИЯ МЕТОДОЛОГИЧЕСКОГО АППАРАТА МАГИСТЕРСКОЙ ДИССЕРТАЦИИ

Уакпаев Алибек Маратович

uakpaev94@mail.ru

Магистрант ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – С. Арыстамбаева

«Все дело в хорошем методе. При хорошем методе и не очень талантливый человек может сделать много. А при плохом методе гениальный человек будет работать впустую и не получит ценных, точных данных»

И.П. Павлов